**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы қабылдау комиссиясының төрағасы
__________ А. Жудебаев
(2024 жылғы «30» « 05 »№ 11
Ғылыми кеңес хаттамасы)

# 6В02187 «ГРАФИКА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Алматы, 2024 ж.**

Құрастырушы: Шукирбеков К.Т – «Көркемсурет» кафедрасынның профессоры

«Көркемсурет» кафедрасының мәжілісінде қарастырылды

«13» 05 2024 жыл. № 11 хаттама

«Көркемсурет»кафедрасының меңгерушісі ____________________ Тұрғынбай Б.С.

«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің академиялық сапа жөніндегі кеңесі

«22» 05 2024 жыл. № 8 хаттама

Академиялық сапа жөніндегі кеңестің төрағасы ____________________ Байділда Б.Н.

КЕЛІСІЛДІ:

«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің деканы ____________________ Байділда Б.Н.

## 6В02187 «ГРАФИКА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## «КІТАП ГРАФИКАСЫ»
## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БЕЙІНІ

### 1.Емтихан өткізудің мақсаты мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – оқуға түсушілердің білім деңгейін және практикалық дайындығын анықтау болып табылады.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- Оқуға түсушінің практикалық дайындық деңгейін бағалау;
- Талапкерлерден көркем кеңістікті ұйымдастыруды, композициялық шешім таба білуін, қағаз бетінде пішін мен көлемді жарық пен тонның көмегімен бейнелей білудеңгейін анықтау;
- Талапкердің дайындық деңгейін және оқу профиліне сәйкес пәндік саладағы білім, шеберлік дағдыларға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау;

### 2. Шығармашылық емтихандар

1. **Сурет** – Иық белдеуімен орындалған портрет (6 сағат)
   **Кескіндеме** – Иық белдеуімен орындалған портрет (6 сағат)
2. **Композиция:**
   1.Тарихи тақырыпқа иллюстрация.
   2.Классикалық әдебиетшығармасына иллюстрация.
   3.Балалар әдебиеті ертегілер иллюстрация.
   ( Үш тақырыптын біреуін таңдау 6 сағат)

***«Сурет» емтиханына ұсынылған талаптар:***

**Тақырып:** Иық белдеуімен орындалған портрет (6 сағат).

Суретті дұрыс құру, жеке бөлшектерді салыстырмалы түрде қарастырып жалпы көріністің шешімін табу. Бейненің сипаттық ауқымын шығару.

**Талаптары:**

- бейнелеудегі нысанды қағаз (кенеп) бетіне композициялық тұрғыда орналастыру;
- құрылымдық құрастыру;
- реңдік сауатты шешім;
- бөлшектерді нақтылы түрде реңдік пішіндеу;
- тапсырманың барлық көлемін орындау.

**Материал:** 40х60 см ватман, әр түрлі қатты жұмсақтықтағы қарындаштар, өшіргіш.

***«Кескіндеме» емтиханына ұсынылған талаптар:***

**Тақырып:** Иық белдеуімен орындалған портреті (6 сағат)

**Талаптар:**

- бейнелеудегі нысанды қағаз ( кенеп) бетіне комползициялық тұрғыда орналастыру;
- құрылымдық құрастыру;
- түстік және реңдік сауатты шешім;
- бөлшектерді нақтылы түрде реңдік пішіндеу;
- тапсырманың барлық көлемін орындау.

**Материал:** 40х60 см ватман, гуашь, акрил, акварель, кисти

***«Композиция» емтиханына ұсынылған талаптар:***

**Тақырып:** 1.Тарихи тақырып иллюстрация.

2.Классикалық әдебиет шығармасына иллюстрация.

3.Балалар әдебиеті ертегілер иллюстрация.

(Үш тақырыптын біреуін таңдау 6 сағат)

**Талаптар:**

- Қағаз бетіне дұрыс орналастыру
- Композицияның түрлі түсті нобайы;
- Сауатты түстік және реңдік графикалық шешім, таза және ұқыпты орындалу
- Шығармашылық көзқарас маңызды.

**Көлем:** Қағаз бетінің үлкен жағы 50 см-ден үлкен емес. (А2) формат

**Құрал:** гуашь, темпера, қыл-қаламдар, қарындаштар, қағаз, акрил, акварель, тушь, перо.

Шығармашылық емтиханда талапкердің өзімен бірге планшеті, қарындаштар, бояулар және тапсырманы орындау үшін барлық қажетті материалдары болуы тиіс. Шығармашылық емтихан кезінде мөр басылған ватман академия тарапынан беріледі, талапкердің қалауы бойынша тиісті мөлшердегі ватманмен тартылған планшетті әкеле алады. Емтиханға жіберу кезінде қабылдау комиссиясы бет жағына мөр қояды.

Талапкерге емтихан жұмысына қол қоюға, қандай да бір белгілер қоюға тыйым салынады. Қол қойылған, бөгде белгілер, таңбалар бар жұмыстарды емтихандық комиссия карастырмайды.

## 3. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
## сурет бойынша


1. Ли Н.Г. Основы учебного академического рисунка / Николай Геннадьевич Ли.- М: Эксмо, 2018.- 480 б.
2. Ли Н.Г. Голова человека. Основы учебного академического рисунка / Николай Геннадьевич Ли.- М: Эксмо, 2010
3. Могилевцев В.А. Основы рисунка. Учебное пособие. .- СПб:, 2007
4. Макарова М.Н. Рисунок и Перспективы: Теория и практика. Учебное пособие/ - М: Академический Проект, 2016.- 382 б.
5. Беляева, С.Е. Основы изобразительного искусства и художественного проектирования: учебник / С.Е. Беляева.- М: Академия, 2015.- 208 б.


## кескіндеме бойынша


1. Могилевцев В.А. Основы живописи. Учебное пособие. .- СПб:, 2012
2. Дж.Аристид. Уроки классической живописи. Техники и приемы художественной мастерской. - М.: Манн, Иванв и Фербер, 2017
3. Хэйнс.Д. Акварель безправил. Техники, эксперименты, практические советы. М.: Манн, Иванв и Фербер, 2018
4. Марин К. Ни дня без кисти. М.: Манн, Иванв и Фербер, 2016
5. Уайт М. Портрет и фигура аквпрелью. М.: Манн, Иванв и Фербер, 2019


## композиция бойынша


1. Герчук Ю. История графики и искусство книги. – М.:, РИП-Холдинг. 2013
2. Декоративные шрифты. Для художественного оформительских работ / сост Кликушкин Г Ф.- М: Архитектура-С, 2016.- 288 с.
3. Феддэг М. Иллюстрация: В чем смысл? Книга иллюстрированных иллюстраций, иллюстрирующих иллюстрации. Изд. Альпина Паблтшер, 2018. – 96 б.
4. Чаговец Т.П. Словарь терминов по изобразительному искусству: Живопись. Графика. Скульптура / Т.П. Чаговец.- СПб: Лань, Планета Музыки, 2018.- 176 б.
5. Иганшина Н.А. Художник и книга. - Ташкент.: Издательство литературы и искусства имени ГафураШуляма, 1987 - 236 б.

## 4. "СУРЕТ" пәні бойынша шығармашылық емтихандарды бағалау критерийлері

*(сурет пен кескіндеме бойынша баллдар қосылып, ең жоғары 50 балл береді)*

| Балл | Дәстүрлі баға | Критерий |
|---|---|---|
| 23-25 | Өте жақсы (5) | - Қойылымның қағазбетінде орналасуының үйлесімді шешімі табылған.<br>- Суреттің құрылымы бөлшектердің жалпыға пропорционалдығын көрсетеді;<br>- Берілген қойылымға бағына отырып жалпы жарық пен көлеңкені аша білу;<br>- Қойылымныңақ пен қараның реңдігін талдау;<br>- Жұмыстың белгілі бір сатысының аяқталу деңгейіне қарай көлеңке-жарықтар мен бөлшектерін түбегейлі орындап шығу;<br>- Қойылымды жалпылау және аяқтау.<br>- Қойылымның қағаз бетінде орналасуының ең үйлесімді шешімі табылған.<br>- Суреттің құрылымы бөлшектердің жалпыға пропорционалдығын көрсетеді;<br>- Берілген қойылымға бағына отырып жалпы колоритті таңдау;<br>- Қойылымның реңдік түстерін талдау;<br>- Жұмыстың белгілі бір сатысының аяқталу деңгейіне қарай көлеңке-жарықтар мен бөлшектерін түбегейлі орындап шығу. |
| 20-22 | Өте жақсы (5-) | Барлық пункттер орындалған, бірақ бөлшектерді нақтылау мен қойылымды аяқтау толық орындалмаған.Қойылым жоғары деңгейде орындалған кеңістіктегі заттарды тану деңгейі төмен және жұмыс толық аяқталмаған |
| 17-19 | Жақсы (4+) | Барлық пункттер орындалмаған, қойылымды құру жеткілікті дәрежеде емес.Жұмыстың белгілі бір сатысының аяқталу деңгейіне қарай көлеңке-жарықтар мен бөлшектерін түбегейлі орындалмаған. |
| 14-16 | Жақсы (4) | Барлық тармақтар орта деңгейде орындалды, қойылым жеткіліксіз аяқталды. Барлық |

| | | |
|---|---|---|
| | | тармақтар белгілі бір жұмыс кезеңіне дейін орындалады, бірақ ашық көлеңкелі және кеңістіктік шешім жоқ |
| 11-13 | Жақсы<br>(4-) | - Құрылымның құрылымы мен өндіріс бөліктерінің жалпы үлесі байқалады.<br>- Жарықтүстіқатынастарбойыншаорындалудең гейіаяқталғанжоқ<br>- Суреттіңтехникалықшешіміәлсіз |
| 9-10 | Қанағаттанарлық<br>(3+) | - Құрылыстың жалпы құрылымы мен қойылым бөліктерінің пропорциясы мүлдем табылмады<br>- Жарық түсті қатынастар бойынша орындалу деңгейі аяқталған жоқ<br>Барлық пункттер төмен деңгейде орындалды |
| 7-8 | Қанағаттанарлық<br>(3) | Суреттіңқұрылымыбөлшектердіңжалпығапроп орционалдығынкөрсетпеген, Қойылымныңреңдіктүстерінтаппаған. |
| 3-6 | Қанағаттанарлық<br>(3-) | - Қойылым қағазға бекітілмеген.<br>- Берілген бөліктердің құрылымы мен жалпы пропорциялары қойылған қойылымға сәйкес келмейді;<br>-Барлық пункттер төмен деңгейде орындалды |
| 0-2 | Қанағаттанарлықсыз<br>(2) | Қойылған міндеттердің ешқайсысын орындамаған кезде |

**"КЕСКІНДЕМЕ" пәні бойынша**

*(сурет пен кескіндеме бойынша баллдар қосылып,ең жоғары 50 балл береді)*

| Балл | Дәстүрлі баға | Критерий |
|---|---|---|
| 23-25 | Өте жақсы<br>(5) | - қойылымның қағаз бетінде орналасуының ең үйлесімді шешімі табылған.<br>- кескіндемедегі құрылым бөлшектердің жалпыға қатысты пропорционалдығын көрсетеді;<br>- берілген қойылымға бағына отырып жалпы колоритті таңдау;<br>- қойылымның бояу түстерін талдау;<br>жұмыстың белгілі бір сатысының аяқталу деңгейіне қарай рең түсі мен көлеңке- |

| | | |
|---|---|---|
| | | жарықтарын, колориттік шешімін түбегейлі орындап шығу;<br>- қойылым толық аяқталған. |
| 20-22 | Өте жақсы<br>(5-) | қойылымның қағаз бетінде орналасуының ең үйлесімді шешімі табылған.<br>- кескіндемедегі құрылым бөлшектердің жалпыға қатысты пропорционалдығын көрсетеді;<br>- берілген қойылымға бағына отырып жалпы колоритті таңдау;<br>- қойылымның бояу түстерін талдау;<br>жұмыстың белгілі бір сатысының аяқталу деңгейіне қарай рең түсі мен көлеңке-жарықтарын, колориттік шешімін түбегейлі орындап шығу. |
| 17-19 | Жақсы<br>(4+) | қойылымның қағаз бетінде орналасуының ең үйлесімді шешімі табылған.<br>- кескіндемедегі құрылым бөлшектердің жалпыға қатысты пропорционалдығын көрсетеді;<br>- берілген қойылымға бағына отырып жалпы колоритті таңдау;<br>- қойылымның бояу түстерін талдау. |
| 14-16 | Жақсы<br>(4) | барлық пункттер орындалған, бірақ бөлшектерді нақтылау мен колориттік шешімі толық табылмаған. |
| 11-13 | Жақсы<br>(4-) | - қойылым орташа деңгейде орындалған, кеңістіктегі заттардың бояу түсін таңдау деңгейі төмен және жұмыс толық аяқталмаған. |
| 9-10 | Қанағаттанарлық<br>(3+) | - барлық пункттер толық орындалмаған, қойылымды құру жеткілікті дәрежеде емес. |
| 7-8 | Қанағаттанарлық<br>(3) | - жұмыстың белгілі бір сатысының аяқталу деңгейі нашар, рең мен бояу түсі, көлеңке-жарықтары мен бөлшектері толық орындалмаған. |
| 3-6 | Қанағаттанарлық<br>(3-) | - суреттің құрылымы бөлшектердің жалпыға пропорционалдығын көрсетпеген, |

| | | |
|---|---|---|
| | | қойылымның реңдік, колориттік түстерін таппаған. |
| 0-2 | Қанағаттанарлықсыз (2) | - қойылғанталаптардың ешқайсысыдұрыс орындалмаған. |

**"КОМПОЗИЦИЯ" пәні бойынша**
**(50 балл)**

| Балл | Дәстүрлі баға | Критерий |
|---|---|---|
| 45-50 | Өте жақсы (5) | - Автордың ойлаған идеясын толығымен орындау;<br>- Ерекше қызықты композициялық шешім;<br>- Композицияның графикалық сұлпатын сақтау;<br>- Түс пен бояудың білікті шешімін табу;<br>- Берілген тапсырманы толығымен орындау;<br>- Өзіндік ерекше шығармашылық көзқарас |
| 41-44 | Өте жақсы (5-) | - Автордың ойлаған идеясын толығымен орындау;<br>- Ерекше қызықты композициялық шешім;<br>- Композицияның графикалық сұлпатын сақтау;<br>- Түс пен бояудың үйлесімді шешімін табу;<br>- Берілген тапсырманы толығымен орындау;<br>- Өзіндік шығармашылық көзқарас; |
| 36-40 | Жақсы (4+) | - Автордың ойлаған идеясын толығымен орындау;<br>- Композицияның қызықты шешімі;<br>- Композицияның графикалық сұлпатын сақтау;<br>- Түс пен бояудың білікті шешімін табу;<br>- Берілген тапсырманы толығымен орындау;<br>- Өзіндік шығармашылық көзқарас; |
| 31-35 | Жақсы (4) | - Автордың ойлаған идеясын толығымен орындау;<br>- Композицияның стандарттық емес шешімі;<br>- Композицияның графикалық сұлпатын табу;<br>- Берілген тапсырманы толығымен орындау;<br>- Өзіндік шығармашылық көзқарас; |

| | | |
|---|---|---|
| 26-30 | Жақсы<br>(4-) | - Автордың ойлаған ойын толығымен жеткізе алмауы;<br>- Композицияның стандарттық шешімі;<br>- Композицияның графикалық сұлпатын табу;<br>- Түс пен бояудың шешімдеріндегі қателіктер;<br>- Жұмыстың толық орындалмауы; |
| 20-25 | Қанағаттанарлық<br>(3+) | - Композицияның стандарттық шешімі;<br>- Композицияның графикалық сұлпатын табу;<br>- Түс пен бояудың шешімдеріндегі қателіктер;<br>- Жұмыстың толық орындалмауы; |
| 15-19 | Қанағаттанарлық<br>(3) | - Автордың ойлаған ойын толығымен орындалмауы;<br>- Композициялық шешімдегі қателіктер;<br>- Түс және бояудың шешіміндегі қателіктер;<br>- Жұмыстың толығымен орындалмауы; |
| 5-14 | Қанағаттанарлық<br>(3-) | - Автордың ойлаған идеясының шешімінің табылмауы;<br>- Композиция шешіміндегі қателіктер;<br>- Түс пен бояудың шешіміндегі қателіктер;<br>- Жұмыстың толығымен орындалмауы; |
| 0-4 | Қанағаттанарлықсыз<br>(2) | Қойылған міндеттердің ешқайсысын орындамаған кезде |